

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БІЛІМ САЛАСЫНДА САПАНЫ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
КОМИТЕТІНІҢ АЛМАТЫ
ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
САЛАСЫНДА САПАНЫ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
ДЕПАРТАМЕНТІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ
КАЧЕСТВА В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА
В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ
МИНИСТЕРСТВА ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

040800, Қонаев қ., 4 шағын ауданы, 15 ғимарат
almobldkso@edu.gov.kz, тел: 8(72772)2343

040800, город Конаев, 4 микрорайон, 15 здание
almobldkso@edu.gov.kz, тел: 8(72772)23431

№

№ 01-15/408-И от 15.06.2026

«ДИАНА-2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Алматы облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті (бұдан әрі-Департамент) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 55-1 бабына сәйкес, Департаменттің 2026 жылғы 01 маусымдағы №232-ө бұйрығы негізінде 2026 жылдың 8-12 маусым аралығында мемлекеттік аттестаттау жүргізді.

Аттестаттау комиссиясы мемлекеттік аттестаттау нәтижелерін қарап, төмендегіні анықтады:

Мемлекеттік аттесттеу барысында білім беру ұйымының қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының, бағалау критерийлерінің және білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттесттау ережелерінде көзделген басқа да талаптардың сәйкестігі тұрғысынан талданып, бағаланды.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келмейтін келесі кемшіліктер анықталды:

Тәрбиеленушілер мен білім алушылар контингенті ұсынылмады.

ҰБДҚ-дан алынған мәліметтер бойынша «Балапан» кіші тобында 15 бала, оның ішінде сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалар саны-14, «Ұшар» аралас тобында 15 бала, оның ішінде сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалар саны-5, психикалық дамуы тежелген балалар саны-3, «Самғау» ересек тобында 14 бала, оның ішінде сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалар саны-4, психикалық дамуы тежелген балалар саны-2 баламен қамтылған. Оқу жылының басына қарай тәрбиеленушілерді жас топтарына ауыстыру және оларды Үлгілік қағидаларға сәйкес қалыптастыру талаптары сақталмаған.

Аталған бұзушылықтар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 1-қосымшасы 4-тармағының 2) тармақшасы талаптарының бұзылуы болып табылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау мен іске асырудың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (*бұдан әрі – МЖМБС*), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларының (*бұдан әрі – ҮОЖ*), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының (*бұдан әрі – ҮОБ*) талаптарына сәйкес келмейді.

2025-2026 оқу жылының «Балапан» кіші тобы, «Ұшар» ортаңғы тобы, «Самғау» ересек топтарының перспективалық жоспарлары, циклограммалары, оқу жоспарлары, ұйымдастырылған іс-әрекет кестелері ұсынылмады. Арнайы мамандардың (психолог, дефектолог) циклограммалары толық жазылмаған. Ерекше және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу және оқыту кезінде баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес үлгілік оқу, арнайы, жеке/бейімделген білім беру бағдарламалары қолданылмаған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген дамуында бұзылыстары бар балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары ескерілмеген.

2025-2026 оқу жылының барлық жас ерекшелік топтарының күн тәртібі ұсынылмады.

ЕББҚ бар балаларға, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларға білім алу үшін Үлгілік қағидаларға сәйкес арнайы жағдайлары толық қамтамасыз етілмеген.

Аталған бұзушылық мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 1-қосымшасы 4-тармағының 1), 3) және 4) тармақшалары талаптарының бұзылуы болып табылады.

ҰБДҚ-да «Ұшар» аралас тобы ретінде көрсетілген, алайда аралас топтардағы тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері ескерілмей, мониторинг нәтижелері жас топтары бойынша сараланбаған. Мониторинг құжаттарында балалардың жас санаттарына сәйкес жеке көрсеткіштері бөлініп көрсетілмегендіктен, тәрбиеленушілердің даму деңгейін объективті бағалау қамтамасыз етілмеген. ҰБДҚ-да Ересек «Самғау» тобында 14 бала (ұсынған мониторингта 23 бала көрсетілген), «Балапан» тобында 15 бала (ұсынған мониторингта 7 бала көрсетілген).

Жеке даму картасында бақылау нәтижелері (*бастапқы, аралық, қорытынды*) бойынша іс-шаралары жүргізілген, алайда ЕББҚ бар балалардың ерекшеліктері ескерілмеген.

Аталған бұзушылықтар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 20-тармақтарының бұзылуы болып табылады.

Сонымен қатар келесі кемшіліктер анықталды:

Бағаланатын кезең бойынша өзін-өзі бағалау қорытындылары туралы есеп, келесі бөлімдер бойынша сандық және сапалық көрсеткіштері ұсынылмады.

Балалардың ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тартылмаған.

Тәрбие жұмысы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде алты құндылықтарды қамтып және ұсынылған жобалар бойынша қамтамасыз етілмеген.

Ұсынылған Жарғыда «Білім туралы» заңының 41-бабында көрсетілген талаптарына сәйкес емес. (Жарғыда білімдерді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесін, оларды өткізудің нысандары және тәртібі, ақылы қызмет көрсетудің тізбесі және тәртібі көрсетілмеген.)

Педагогтердің біліктілік санаты деңгейін кемінде 5 (бес) жылда бір рет (оның ішінде басшылар – кемінде 3 (үш) жылда бір рет) арттыруы немесе растауы бойынша үлесі – 20%

Педагогтердің (оның ішінде басшылар мен олардың орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан кемінде 3 (үш) жылда бір рет өткен үлесі – 80%.

Мектепке дейінгі ұйымдардың жабдықтары мен жиһазының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен (бұдан әрі – Жарақтандыру нормалары) бекітілген жарақтандыру нормаларына сәйкес келмейді. (Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында дамытушы пәндік-кеңістіктік ортаны құру және психологиялық –педагогикалық қолдау үшін ұсынылатын жабдық, сенсорлы бөлме жабдықтарының тізімі ұсынылмаған.)

Ресми интернет-ресурс бар, бірақ домендік атауы edu.kz аймағына орналаспаған.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша білім беру ұйымының білім беру қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес келмейтіні туралы шешім қабылданды.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді назарға алып, 2026 жылдың 19 маусымына дейін кемшіліктерді жою туралы іс-шара жоспарын жіберулеріңізді сұраймыз.

Сонымен қатар Хабарламада анықталған сәйкессіздіктерді жою мерзімі 2026 жылдың 7 қыркүйекке дейін мерзім болып есептелетінін хабарлаймыз.

**Алматы облысының Білім
саласында сапаны қамтамасыз
ету департаментінің басшысы**

Г. Кульсариева

Орын.Г.Жумалиева
87779638103

Подписано

15.06.2026 10:16 Кульсариева Гульмира Алимбаевна

Жумалиева Гулнар Куанышевна 15.06.2026 11:19

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 01-15/408-И от 15.06.2026 г.
Организация/отправитель	ДЕПАРТАМЕНТ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ МИНИСТЕРСТВА ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Получатель (-и)	ДРУГИЕ
Электронные цифровые подписи документа	 Государственное учреждение «Департамент по обеспечению качества в сфере образования Алматинской области Комитета по обеспечению качества в сфере образования Министерства просвещения Республики Казахстан» Подписано: КУЛЬСАРИЕВА ГУЛЬМИРА МПТкAYJ...Ye5bufZE= Время подписи: 15.06.2026 10:16
	 Государственное учреждение «Департамент по обеспечению качества в сфере образования Алматинской области Комитета по обеспечению качества в сфере образования Министерства просвещения Республики Казахстан» ЭЦП канцелярии: НЕЖЕНЕЦ АЛИНА МПТowYJ...+4s1EK+aQ Время подписи: 15.06.2026 10:37



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.